

№12 «Инжугүл» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ
ХАТТАМА №2**

Өткізілген күні: «26 » желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: №12 «Инжугүл» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Қатысқандар:

Жетесова Б.Ж.-балабақша меңгерушісі

- 1.Калиева Жумабике Шамшудинова- төрағасы
- 2.Уркумбаева Акканым Жаксыевна білім саласының ардагері-мүшесі
- 3.Мамбетьярова Динара Бахыткерейқызы үштік одақ мүшесі-мүшесі
- 4.Максотова Жансая Ертайқызы үштік одақ мүшесі- ата-ана-мүшесі
- 5.Мәзін Мира Жексенқызыүштік одақ мүшесі-ата-ана -мүшесі
- 6.Каратаев Абат Даулеткереевич»Актюбинский вестник» газет тілшісі--мүшесі
- 7.Бержанова Лаура Тасболатовна-ата-ана-хатшы

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.«Білім туралы» Заңының 64-бабына сәйкес балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту жұмыстары (2025 жыл қорытынды есебі)
- 2.2026 жылға арналған ас мәзірін бекіту
3. №12 «Инжугүл» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілеріне арналған Жаңа жылдық шырша мерекесін ұйымдастыру

I. ТЫҢДАЛДЫ:

-Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жетесова Б.Ж. мемлекеттік қызмет көрсету барысында балаларды балабақшаға қабылдау жұмыстары қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілгенін хабарлады. Өтініштер уақытылы қаралып, қызмет алушылар тарапынан шағымдар тіркелмегені айтылды. 2026 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында балаларды балабақшаға қабылдау қызметі белгіленген тәртіп бойынша жүргізілді. Ата-аналардан (заңды өкілдерден) келіп түскен өтініштер уақытылы қаралып, қажетті құжаттар толық қабылданды. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында ашықтық, қолжетімділік және заңдылық қағидаттары сақталды.

II. ТЫҢДАЛДЫ:

-Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Баржанова Л.Т. сөз алып, Балабақшаның 2026 жылға арналған ас мәзірі қаралып, балалардың жас ерекшеліктеріне, санитарлық нормаларға және тағамдық құндылық талаптарына сәйкестігі талқыланды.

Ас мәзірінде:

тәуліктік калория нормасының сақталуы;
әртүрлі және теңгерімді тамақтану;
көкөніс, сүт өнімдері, ет тағамдарының енгізілуі;
аллергиялық қауіпсіздік талаптарының ескерілуі қарастырылған

ІІІ. ТЫНДАЛДЫ:

-**Үшінші мәселе бойынша** «Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау» бойынша тамақтану сапасын бақылау комиссиясының қорытындысы тындалды. Балалардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында бракераж комиссиясы 2025 жылдың қараша, желтоқсан айлары аралығында ас блогының жұмысына жүйелі бақылау жүргізді. Қорытындысы әлеуметтік желілерге жарияланды. Бақылау барысында азық-түлік өнімдерінің қабылдануы, сақталуы, өңделуі және пайдаланылуы тексерілді. Өнімдердің сапасын растайтын құжаттарының болуы, жарамдылық мерзімдерінің сақталуы, қойма мен тоңазытқыштардың санитарлық жағдайы қаралды. Тексеру нәтижесінде азық-түлік өнімдерінің сақтау талаптары санитарлық нормаларға сәйкес екендігі анықталды. Асхана жұмысына жүргізілген мониторинг нәтижесінде елеулі кемшіліктер анықталмаған.

Шешім:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы қанағаттанарлық деп танылсын. Қызмет көрсету сапасын тұрақты бақылау жалғастырылсын.
2. Қаржылық есеп назарға алынсын. Қаражатты тиімді және мақсатты пайдалану бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Қаржылық ашықтық қамтамасыз етілсін.
3. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын. Тамақ өнімдерінің сапасына тұрақты мониторинг жүргізілсін. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қатаң бақылауда ұсталсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____